

ПРОГРАММА «ЦИФРОВАЯ ТРАНСФОРМАЦИЯ» ЯВЛЯЕТСЯ ОДНИМ ИЗ КЛЮЧЕВЫХ ИНСТРУМЕНТОВ РЕАЛИЗАЦИИ СТРАТЕГИИ РАЗВИТИЯ АО «НК «ҚТЖ» ДО 2029 ГОДА И НАПРАВЛЕНА НА ПОВЫШЕНИЕ ОПЕРАЦИОННОЙ ЭФФЕКТИВНОСТИ, СТОИМОСТИ И ИНВЕСТИЦИОННОЙ ПРИВЛЕКАТЕЛЬНОСТИ КОМПАНИИ»

Серик АБДЕНОВ,
заместитель председателя правления АО «НК «ҚТЖ»



№21-22 (2629-2630)
16/04/2021

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА



ПУТЕШЕСТВИЯ ДЛЯ ВЕТЕРАНОВ

Казахстанские ветераны Великой Отечественной войны и труженики тыла смогут бесплатно ездить на поездах по СНГ. Фонд развития соцпроектов «Samruk-Kazyna Trust» совместно с АО «Пассажирские перевозки» организовали и приурочили акцию к 76-летию Великой Победы.

Асель ШАЙХЫНОВА
Нұр-Сұлтан

Ветераны Великой Отечественной войны и труженики тыла, рожденные не позднее 31 декабря 1935 года, могут бесплатно пользоваться услугами железнодорожного транспорта в течение 2021 года, говорится в официальном сообщении.

Акция действует в рамках республиканского социально-благотворительного проекта «Жеңіс». Согласно условиям акции, ветераны войны и труженики тыла могут бесплатно совершать поездки по всем направлениям в пределах РК и стран СНГ.

Участникам и инвалидам выделяются места в купейных вагонах поездов всех категорий, в том числе в вагонах класса «Турист», и специализированных купе для лиц с ограниченными возможностями в поездах компании «Тальго».

Для оформления билетов по данной акции необходимо предоставить в билетную кассу оригинал документа, удостоверяющего личность, и удостоверение ветерана Великой Отечественной войны или труженика тыла. При следовании в страны СНГ бесплатные проездные документы (билеты) оформляются в пунктах продаж, расположенных

только на территории РК. Официальный представитель Samruk-Kazyna Trust Мирас Ирбебаев сообщил, что компания осознает, что ветеранов с каждым годом становится все меньше.

— Поэтому в текущем году мы расширили акцию на тружеников тыла всех возрастов. С 1 по 31 мая 2021 года они могут приобрести железнодорожные билеты по всем направлениям Казахстана и СНГ абсолютно бесплатно. Для ветеранов и тружеников тыла, рожденных не позднее 31 декабря 1935 года, акция действует на протяжении всего года, — подчеркнул он.

К слову, проект «Жеңіс» направлен на оказание системной помощи и социально-бытовой поддержки ветеранов и тружеников тыла. В рамках проекта волонтеры помогают по хозяйству и осуществляют мелкий ремонт в доме и во дворе, покупают продукты и лекарства, общаются и делают многое другое в помощь своим подопечным. За пять лет существования проекта волонтеры пришли на помощь ветеранам и труженикам тыла более 10 тысяч раз.

На сегодняшний день проект реализуется в 35 точках Казахстана.
Фото Александра ЖАБЧУКА

НОВЫЕ МАРШРУТЫ



С начала текущего года к сервисам совместного предприятия железных дорог Казахстана, России и Беларуси — АО «ОТЛК ЕРА» — добавилось три новых маршрута — в Данию, Норвегию и Великобританию.

Новые сервисы из Китая в Европу пролегают через Калининградскую область (Россия). Калининградская магистраль обладает значительным транзитным потенциалом и готова к четырехкратному увеличению объемов перевозок. К настоящему моменту в сервисе ОТЛК ЕРА через этот перспективный регион пролегал 5 маршрутов: Китай (Сянь) — Германия (Дуйсбург), Китай (Синьчжоу) — Германия (Гамбург) и новые из Китая в Данию (Фредерисия), Норвегию (Осло), Великобританию (Иммингем).

Это позволило существенно нарастить объемы перевозок. Так, в прошлом году с участием Калининградской железной дороги по маршруту Китай — Европа — Китай транзитом через Казахстан перевезено 47,5 тысячи ДФЭ, тогда как в 2019 году этот показатель составлял 10,3 тысячи ДФЭ. Кроме того, через порты Балтийско и Калининград в 2020-м проследовало 29,1 тысячи ДФЭ (в 2019-м — 180 ДФЭ).

Роман ЛЮБИМОВ, Нұр-Сұлтан

ЖАЗҒЫ ТАСЫМАЛҒА ДАЙЫНДЫҚ



«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының локомотив пайдалану деполарында тартымды жылжымалы құрамды көктемгі комиссиялық тексеруден өткізу басталды.

Маусымдық дайындықты жүргізу — локомотив паркінің сенімділігін арттыруға, жазғы кезеңде тұрақты жұмысты қамтамасыз ету үшін шаруашылық пен кадрларды даярлауға және тұтастай алғанда пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған жүйелі шаралар. Барлық іс-шаралар локомотив паркінің жұмысына дайындық, сондай-ақ, қысқы және жазғы жағдайларда техникалық қызмет көрсету жөніндегі нұсқаулықтарға сәйкес жүргізіледі.

Көктемгі комиссиялық тексеру барысында локомотивтердің техникалық қана емес, эстетикалық жағдайы да назарға алынып, тиісті нормаларға сәйкестендірілмек. Сонымен қатар майлау материалдары ауыстырылып, қажетті асаи-мүсей заттардың болуы, өрт қауіпсіздігінің жай-күйі бағаланады. Байқау нәтижелері арнайы құрылған комиссия тарапынан бақылауға алынбақ. Осы ретте, комиссия құрамына локомотив пайдалану деполарының басшылары мен тартымдық қызмет көрсететін жылжымалы құрамды қабылдап алушылар кіріп отырғанын атап едік. Ал локомотивтерді жазғы маусымда тоқтасыз жұмыс істеуге дайындау жұмыстары мамыр айының соңында аяқталмақ.

Ислам ТАЛҒАТ

Инфраструктура

РЕМОНТ ИДЕТ ПО ПЛАНУ

Развитие железнодорожной инфраструктуры является одним из приоритетных направлений АО «НК «ҚТЖ». Так, в текущем году капитальный ремонт пути проведут на 582 километрах железной дороги, из них на сегодняшний день уже отремонтирован 41 километр (7%).

Назира БЕРДИБЕКОВА
Нұр-Сұлтан

Применяются ремонтные поезда, краны, шараны ұйымдастырушы платформы МПД и УСО, путевые машины тяжелого типа и другая техника. Задействованные

подрядные организации — ТОО «Integra Construction KZ» (при плане — 302,27 км, выполнен ремонт на сегодня на 24,66 км) и ТОО «Теміржол жөндеу» (план — 260,75

км, отремонтировано 16,43 км). В том числе выполнены работы по Мангистаускому отделению магистральной сети. При плане 47,9 километра подввергнуто капитальному ремонту 30,4 километра, или 63%.

Отметим, работы проходят в штатном режиме, без задержек. В частности, на сегодняшний день на участках капитального ремонта пути по Мангистаускому отделению магистральной сети случаев задержек поездов не было, учтены все меры безопасности, принятые в рамках борьбы с коронавирусной инфекцией.

Еңбек қорғау

«VISION ZERO»: ҚТЖ үшін қолжетімді

Қазақстанда «Vision Zero and the Great Reset Qazaqstan» онлайн-конференциясы өтіп, оның тақырыбы жұмыс берушілер мен Vision Zero серіктестері арасындағы қауіпсіздік мәдениетін дамытудағы озық тәжірибелермен алмасуға арналды. Шараға «ҚТЖ» ҰК» АҚ да қатысты. Онлайн-конференцияда Ұлттық компанияның Vision Zero әлемдік тұжырымдамасын енгізу саласындағы үздік тәжірибелермен алмасқаны үшін ҚТЖ-ның Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментіне алғыс жарияланды.

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

Онлайн-конференция қорытындысы бойынша осы шараны ұйымдастырушы «ЭВРИКО Си Эй Қазақстан» компаниясы «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығы мен компанияның барлық командасына қауіпсіздік мәдениетін дамытуға бағытталған іс-шараларды өткізу барысында көрсеткен қолдауы үшін жолдаған Алғыс хатта: Конференция спикерлеріне, «ҚТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің директоры Асхат Сариев пен осы департаменттің бас менеджері Алтынай Жатқанбаева Vision Zero әлемдік тұжырымдамасын енгізу саласындағы үздік тәжірибелер-

мен алмасқаны үшін алғысымызды білдіреміз» делінген.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ Өндірістік қауіпсіздік және экология департаментінің бас менеджері Алтынай Жатқанбаева Vision Zero-ны «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да енгізу тарихы туралы баяндап, №6 Алтын ережені енгізудің мысалын қарастырды. Біліктілікті арттыру — кәсіби шеберлікті дамыту. ҚТЖ командасының осы бағыттағы оқиғалары шын мәнінде әсерлі болды.

— Қазақстан темір жолында «Самұрық-Қазына» АҚ портфельдік компанияларында баламасы жоқ серпінді жоба енгізілді. Теміржолшылар өндірістегі жарақаттану жағдайларын нөлге дейін төмендетуге болатынына сенімді. Бұл үшін компанияда бірнеше жыл бойы «ҚТЖ» ҰК»

АҚ бас инженері Батыр Котыревтің басшылығымен үздіксіз, тынымсыз жұмыс жүргізілуде. Мысалы, бұзушылықтардың алдын алуға мүмкіндік беретін мобильді қосымшаны енгізілуін айталық. Бұл мобильді қосымша көптеген модульдан тұрады. Соның бірі — өндірістегі жаза-тайым оқиғалар мен жарақаттанудың алдын алуға бағытталған «Қауіпсіздіктің іс-қимыл диалогы» қосымшасы. Оған бүгінде Қазақстанның барлық өңірінен 113 мыңға жуық теміржолшы тіркелген. Компанияның барлық деңгейдегі әрбір қызметкері қазір смартфонның көмегімен өндірістік қауіпсіздік нормаларының бұзылғаны туралы хабарламаны автоматтандырылған жүйеге бере алатыны маңызды. Мысалы, бір теміржолшы келе

жатып жалаңаш сымды көріп қалды делік, дереу оның қай уақытта қалай жатқанын фотоға түсіріп, мобильді қосымшаға салады, сол сәтте тиісті құрылым бұл кемшілікке қатысты әрекет жасап, кейін оның жойылғаны туралы ақпарат береді. Келесі бір модуль — «Қауіпсіздік минуты» бойынша басшылар әрбір жиын алдында қатысушыларға ақпарат береді. Яғни, соңы үлкен апаратты оқиғаларға, мүдегектікке немесе өлімге алып келер жарақаттанушылықтар кішкентай елеусіз көрінген бұзушылықтардан басталады. Міне, «Vision Zero» — «Нөлдік жарақаттанушылық» тұжырымдамасының түпкі мақсаты — жарақаттанушылықтың алдын алуды осындай кішкентай кемшіліктерді жоюдан бастау, — деп ақпаратпен бөліскен Алтынай Жатқанбаева, «ҚТЖ» ҰК» АҚ-да еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және экологиялық қауіпсіздік саласында IT-шешімдерін енгізу» жобасы «Самұрық-Қазына» АҚ компаниялар тобы бойынша 2020 жылдың үздік жобалары қатарынан орын алғанын атап өтті.

Арман ҚҰЛМАҒАМБЕТОВ,
«ҚТЖ» ҰК» АҚ
«Магистральдық желі
дирекциясы» филиалы
директорының
корпоративтік даму
жөніндегі орынбасары:



ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯ АЛҒА ҚОЙЫП
ОТЫРҒАН МАҚСАТ-МІНДЕТТЕРДЕН
МАГИСТРАЛЬДЫҚ ЖЕЛІ
ДИРЕКЦИЯСЫ ДА ТЫСҚАРЫ
ҚАЛМАҚ ЕМЕС. ТРАНЗИТТІК
БАҒДАРЛАРДЫҒЫ ӨТКІЗУ ҚАБІЛЕТІН
ҰЛҒАЙТУ, ПОЙЫЗДАРДЫҒЫ
ҚОЗҒАЛЫС ҚАУІПСІЗДІГІН САҚТАЙ
ОТЫРЫП, ҚЫЗМЕТ ТИІМДІЛІГІН
АРТТЫРУ БАҒЫТЫНДА ДА НАҚТЫ
ЖОСПАРЛАНҒАН ЖОБАЛАР БАР

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ӨНДІРІСТІК ҚАУІПСІЗДІКТІҢ
БІРІКТІРІЛГЕН ЖҮЙЕСІНЕ

110000

АСТАМ ТЕМІРЖОЛШЫ ТІРКЕЛДІ

БИҒЫЛ КҮЗГЕ ДЕЙІН АЛМАТЫДАҒЫ

29

СТАНЦИЯҒА МИКРОПРОЦЕССОРЛЫҚ
ДИСПЕТЧЕРЛІК ОРТАЛЫҚТАНДЫРУ
ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ ЖҰМЫСТАРЫ
АЯҚТАЛМАҚ

СЕМЕЙ ЖТ БӨЛІМШЕСІНДЕ
ЭКСПЛУАТАЦИЯЛЫҚ ЖҮК АЙНАЛЫМЫ

108,8

ПАЙЫЗҒА АРТТЫ

ЖОСПАРДА – 84 КМ

Ұлан ОРАЗ,
Нұр-Сұлтан



САПА

«Теміржол жөндеу» ЖШС Ақтөбе филиалы биылғы жоспар бойынша барлығы 84 км жолға күрделі жөндеу жүргізеді. Оның 29 шақырымы Маңғыстау теміржолы бойынша болса, 55 шақырымы Ақтөбенің теміржол телімдеріне тиесілі.

Мекеменің бас инженері Данияр Майсаровтың айтуынша, биыл наурызда олар Шетпе станциясы мен №13 бекет аралығындағы жолға күрделі жөндеу жүргізді. Қазіргі таңда №12-13 бекеттер арасындағы ескі жолдарды жөндеу үшін толаскез алып тұр. Оны сәуірдің 15 жұлдызында аяқтап болып қалады. Бұл аралықтағы жолдың ұзындығы 17 км астам.

– Ал 22 сәуірде Шалқар станциясы мен Үшқурай бекеттері аралығындағы 6,4 км жолға күрделі жөндеу жүргіземіз. Оны мамырдың жетісіне дейін екі аптада аяқтаймыз деп отырмыз. Бұл аралықтағы жолдар да ескі. Шпалдары ағаш, соларды темірбетонға ауыстырамыз. Ескі рельс торшаларын жаңартамыз. Бұл жұмыстарға барлығы жүзге жуық жұмысшымыз бен жиырма шақты жол техникасы жұмылдырылады. Қиыршық тас өзіміздің Біршоғырдан жеткізілуде, – дейді бас инженер.

Бұл аралықтағы толаскез кезінде мердігер мекемеге таңғы 9.00-ден кешкі 17.00-ге дейін жөндеуге уақыт беріледі. Орындалған жұмыстарды әр өңірдің жол дистанциялары қабылдап алып, жаңа жолдың сапасын бағалайтын болады.

СЕНІМ СЕРТИФИКАТЫ БЕРІЛДІ

Шахида ЖҰМАН,
Маңғыстау



МӘРТЕБЕ

Тассайдан Бейнеу, Бейнеуден Опорная станцияларына, одан Маңғыстауға, Маңғыстау станциясынан Болашаққа дейінгі ауқымды аумаққа қызмет көрсететін Маңғыстау вагон пайдалану депосы үшінші санатты сенім сертификатын алды.

Бұл сертификатты алудың маңызы өте ерекше. Ол «КТЖ» ҰК» АҚ мен оның еншілес ұйымдарында еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласында көрсеткішті ескере отырып тағайындалады. Осы тұрғыда Маңғыстау вагон пайдалану депосы біраз жылдан бері өндірістік жарақатсыз жұмыс істеп келеді. Депода өндірістік жарақат алу дерегі соңғы рет 2012 жылдың қараша айында тіркелген. Одан бері қолға алынған қажетті шаралардың арқасында бірде-бір кері жағдай болмаған.

– Үшінші санатты сертификаттың иегері корпоративтік және желілік деңгейлердегі бір жоспарлы тексеруден босатылады. Аталған сертификатты беру үшін «КТЖ» ҰК» АҚ-ның негізгі талабы – соңғы 7, 10, 15 жылдан астам уақытта өндірістік факторлармен байланысты жарақаттану жағдайларының болмауы. Бізде жеті жылдан асып, тоғыз жылға қарады. Сол үшін де мекеме үшінші санатты сертификатқа ие болып отыр. Мұндай жетістік оңай келген жоқ. Бүкіл ұжым еңбекті қорғау мәселесіне зор көңіл бөлуінің арқасында жетіп отырмыз. Жұмысшылардың денсаулығына үнемі назар аударып, спорттық шараларды да жиі ұйымдастырамыз. Жақында ғана наурыз айында депоға қарасты 5 техникалық қызмет көрсету пункті мен вагон депосы әкімшілігінің арасында шағын футболдан сайыс өткіздік. Алда, 28 сәуір – халықаралық еңбек қорғау күніне байланысты барлық ТҚКП арасында байқау ұйымдастырмақпыз. Жұмыс орнын қандай көрнекі құралдармен безендіруі, қай жерде қандай бұрыштар ашқаны, жалпы жұмысшылардың жағдайы, білім деңгейі – бәрін сарапқа саламыз. Ондай байқау бізде жыл сайын өтеді, – деді жағымды жаңалықпен бөліскен Маңғыстау вагон пайдалану депосының бас инженері Құбайдолла Дүзікбаев.

Айтса айтқандай, депо жұмысшылары арнайы киім, қорғаныс құралдары, сабын, сүт өнімдерімен 100 пайыз қамтамасыз етілген. Ал олардың біліктілігін көтеру бағытында өндірістік қауіпсіздік, яғни еңбекті қорғау және техника қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, электр қауіпсіздігі бағыттарындағы курстардан уақытылы өтуі өте қатаң қадағаланады екен. Техникалық сабақтар да өз жоспарына сай және жоспардан тыс түрде де жүргізіледі. Ол үшін барлық телім ғимараттарында техникалық сынғыстар бар және олар керек құжаттармен жабдықталған. Жұмысшылар үшін ас бөлмесі, жылыту-суығу құрылысы, тоңазытқыш, қысқатолқынды пеш, электр шөйнегі, су сүзгісі қарастырылып, барлық ТҚКП гигиеналық бөлмелермен жабдықталған.

– Алдағы жоспарымыз – бұдан әрі де өндірісте жазатайым оқиғаларды болдырмай, еңбек қауіпсіздігін сақтай отырып жұмыс жасау. Қазір депода негізгі 5 ТҚКП, 1 бақылау пункті, 27 КТСМ құрылысы бар. Барлығында техникалық сабақтар өткізуге қолайлы кабинеттер жасақталған. Арнайы өндірістік бұрыштарымыз бар. Оған еліміз теміржолында болған жазатайым оқиғаларды іліп, жұмысшыларымызды хабардар етіп отырамыз. ТҚКП бастығы, шебер, нұсқаушылар таңертең және кешке жұмысшылармен өз жоспарына сай жұмыс жүргізеді, – дейді депоның бас инженері.

ЕСКІНІ ЖАҢАРТЫП, ЖАҢАНЫҢ БАБЫН КЕЛТІРІП...



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

Дистанция ұжымы ұйымдастыру және техникалық шаралар барысында байланыс құрылыстарына технологиялық күтім, ескіні жаңартып, жаңаның бабын келтіру жұмыстарын тұрақты жүргізіп келеді. Мәселен, жыл басынан бергі мерзімде байланысшылар ұжымы гарнитуралы қалыптағы СП-6 электрожетегін Р80 электрожетегіне алмастыру жұмыстарын қарқынды жүргізген. Олар Қарайірім, Қаракеткен, Керкелмес, Сұлутөбе және тағы сегіз бекетте электрожетектерді ауыстырып, жаңалаған. Сонымен қатар Жаңақорған, Бірқазан, Төменарық, 14-бекет, Бөройнақ және Бөрітөскен бекеттеріндегі жарықдиодты модульді шығыс бағдаршамдарының тетіктерін алмастыру, бірнеше станцияда ТМ блоктарындағы КППШ трансмиттерлерін жаңартып байланыс, белгі беру құрылыстарының бабымен жұмыс жасауы үшін техникалық күтім жасаған.

Дистанцияның техникалық бөлім басшысы Нұрлан Жүсіпбаев ұсынған мәліметтерге жүгірсек, өндіріс болған соң кем-кеткісіз емес, техникалық байланыс құрылыстардың аз уақытқа болса да жұмыстан тыс қалуы, көрсеткіш белгілерінің жалған бос емес көрсетуі, электр қуатының толық берілмеуінен сигналдың көмескіленіп көрінуі секілді жағдайлар орын алып отырған. Байланысшылар ұжымы оларды дер кезінде орнына кел-

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесіне қарасты Қызылорда белгі беру және байланыс дистанциясының теміржолшылары ағымдағы жыл басынан бері пойыздық және маневрлік жұмыстар кезінде пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін сақтап, тосын жағдайларға жол бермеген.



СИГНАЛДЫҚ БАЙЛАНЫС ҚҰРЫЛЫЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫСТАН ТЫС ҚАЛУЫ ӨТКЕН ЖЫЛДЫҢ ЕСЕПТІ МЕРЗІМІНДЕ 3 РЕТ ОРЫН АЛСА, БИЫЛҒЫ ЖЫЛДЫҢ АЛҒАШҚЫ ТОКСАНЫНДА ЕКПІНДІ, ШИЕЛІ, СҰЛУТӨБЕ ЖӘНЕ БАҚТЫСАЙ БЕКЕТТЕРІНДЕ 5 РЕТ ТІРКЕЛГЕН. ДИСТАНЦИЯ ҚОЛДАНЫСЫНДАҒЫ БАЙЛАНЫС ҚҰРЫЛЫЛАРЫНЫҢ ЖҰМЫС КЕЗІНДЕ ӨЗ ҚЫЗМЕТІНЕН ТЫС ҚАЛУЫНЫҢ БІРДЕН-БІР СЕБЕБІ – ОЛАРДЫҢ ЕСКІРУІ.

тіріп, жылжымалы құрамдардың учаскелерден кідіріссіз өткізілуін қамтамасыз ете білген. Мәселен, Шиелі-Қызылорда, Қызылор-

да-Жосалы учаскелерінде қаңтар айының бесінші жұлдызында 17сағат 42 минутта Керкелмес бекетінің басты жолымен жүріп

келе жатқан №41 пойыз шығыс Н2 сигналының әсерінен 4 минут аялдап, жүрісін 17 сағат 46 минутта жалғастырған. Пойыздың басты жолға кідіруіне «КРЕК» АҚ-ның ішкі желілерінен тарқатылып қоректендірілетін құрылыстардың электр қуатынсыз қалуы себеп болған. Осы жағдай сол күні Қараөзек-Қызылорда, Жалағаш-Қарайірім перөгондарында да орын алған.

Сигналдық байланыс құрылыстарының жұмыстан тыс қалуы өткен жылдың есепті мерзімінде 3 рет орын алса, биылғы жылдың алғашқы тоқсанында Екпінді, Шиелі, Сұлутөбе және Бақтысай бекеттерінде 5 рет тіркелген. Аталған жағдайға Жосалы-Жаңақорған учаскесіндегі ішкі электр желілеріндегі фидерлерде қаттың іркілісі себеп болған екен. Дистанция қолданысындағы байланыс құрылыстарының жұмыс кезіндегі өз қызметінен тыс қалуы құрылыстардың ескі болуы бірден-бір себеп екен.

Дегенмен, учаскелерден жүк және жолаушы пойыздарын кідіріссіз өткізуде дистанциялықтар қызметіне айтарлықтай сын жоқ, барлық құрылыстардың жұмысын бақылауда ұстауда. Жыл басынан бері жылжымалы құрамдар жүйесінің тұрақты жұмыс жасауын тексеретін УКСП-терде, жүк вагондарына жабысқан немесе вагоннан салбырап, сүйретілген бөгде заттың болмауын бақылайтын КТУ құрылыстарында да жұмыстан тыс қалу орын алмаған.

– Дистанция алғашқы тоқсанда қолданыстағы СОБ, байланыс, маневрлік және пойыздық жұмыстарда, радиобайланыс және КТСМ құрылыстарының жұмысында ақау жіберген жоқ. Учаскелерден өтетін барлық жылжымалы құрамдар КТСМ құрылыстарымен қатаң бақылаудан өткізіліп, қадағаланады. Техникалық процестерге сай барлық күтім шаралары, кестеге орай жөндеу, құрылыстарды жаңалап ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Дегенмен байланыс құрылыстарының ескі болуы кідірістер мен кемшіліктердің орын алуына себеп болуда, – дейді Нұрлан Жүсіпбаев.

Суретті түсірген автор

Станция тынысы

ШЕТЕЛГЕ ЖҮК ЖӨНЕЛТЕТІН ЖІҢІШКЕ

Америка, Жапония, Германия және ТМД елдеріне жүк жөнелтіп отырған Жіңішке станциясы – Ақтөбе өңіріндегі маңызды станция. Станцияда пандемия кезінде де жұмыс қарқыны тоқтаған жоқ. Мұнай және кен өндіру ісімен айналысып отырған алпауыт компаниялардың қажеттілігін қамтамасыз етіп отырған шағын станция – ұлттық компанияның ғана емес, ел экономикасының доноры.



Ардақ ЕРУБАЕВА,
Ақтөбе

Жүк вагондары үздіксіз өтіп жатқан аумақта қауіпсіздік, әрине, басты назарда.

Ақтөбе өңірінің өнеркәсіптік аумағында орналасқан Жіңішке станциясы Ақтөбе феррокорытпа зауыты, хром қоспалары зауыты секілді ірі өндіріс орындарымен бірнеше жылдан бері тығыз байланыс орнатқан. «Синойл» компаниясының мұнай құю, дизельді отын, бензин тасымалы жұмыстары да Жіңішке арқылы жүргізіледі. Станцияда тасымал көлемі артып, вагон айналымы мен тиеу-түсіру жұмыстары жоспардан артық орындалған.

– Ірі компаниялардың өнімі теміржол арқылы шетелге дейін тасымалданып отыр. Жеткізу қауіпсіздігі толық қамтамасыз етілген. Серіктестер сенімін жоғалтқан емес. Елдегі пандемия жағдайына қарамастан жүк тиеу-түсіру жұмыстарын жоғары деңгейде ұйымдастырып келеміз. Мәселен, 2021 жылдың ақпан айында 3450 вагон жүк

түсіру жоспарланса, жұмыс 3668 вагонға, яғни 110%-ға орындалды, – дейді Жіңішке станциясының басшысы Талғат Сағынов.

Станция басшысының мәліметіне сүйенсек, көрсеткіштерді өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жүк вагондарының келуі айтарлықтай төмендеген. Оның ішінде хром кендері – 66%, күкірт – 78%, феррокорытпалар 50%-ға кеміген. Өткен жылы бір айда 1958 вагон хром кені түсірілсе, биыл 1296 вагонды құрайды. Бірақ жүк түсіру бойынша станцияға жүктелген жоспар толығымен орындалған.

Жүк тасымалы қызметімен қамтамасыз етіп отырған бірінші кластық станцияда жалпы ұзындығы шамамен 90 км құрайтын 66 кірме жол бар. Ақтөбе рельс арқалық зауытына кіру жолын жалғастыратын Қызылорда торабы да Жіңішкеге қарайды. 2021 жылдың ақпан айында Қызылордада 12 522 тоннаны құраған 212 вагон жүк тиелген. Статистикалық жүктеме 59,1 тоннаны құрады. Ал екі айда мұнда 22 мың тоннадан аса жүк жөнелтілді.

Станцияның маневрлік тепловоздары «Қазхром», «Ақтөбе феррокорытпа зауыты»,

«Көктас-Ақтөбе» АҚ, «Лад» ЖШС, «Стройдеталь» ЖШС, «ЖБИ-35» ЖШС секілді бірқатар кәсіпорындарға қызмет көрсетеді. Станцияда қауіпсіздік мәселесі де басты назарға алынған. Себебі станцияның екі жағында да елді мекен орналасқан, халық көп шоғырланған.

Жіңішке және Қызылорда разъезінде биылдыққа апатты оқиғалар болмаған. Өндірістік жарақат алу оқиғаларының тіркелмеуі де көңіл қуантағын жаңалықтардың бірі. Станция мамандары адам мен мал басу оқиғаларының алдын алуға негізделген профилактикалық жұмыстарды тұрақты жүргізіп келеді. «Қауіпсіздік күні» акциясымен теміржол бойынан жиі қатынайтын тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстары апта сайын өтеді.

– Қауіпсіздік басты назарда. Станция жұмысшыларына қауіпсіз жұмыс тәжірибесін көрсету үшін практикалық сабақтар жиі ұйымдастырылады. Теміржолшыларды жеке қорғаныс құралдарымен және қауіпсіз киімдермен қамтамасыз етіп отырмыз. Жұмысшыға көңіл бөлінсе, оның жұмысқа деген жауапкершілігі де жоғары болмақ. Сонымен қатар, қазір күн жылынып келеді. Далада ойнайтын балаларды да қауіпті аймақтан қорғауымыз керек. Оқушыларға және теміржол желілеріне іргелес жатқан елді мекендердің тұрғындарына теміржолдың қауіптілігі жоғары аймақ екенін түсіндіру жұмыстары үнемі жүргізіліп келеді. Жіңішке-Ақтөбе учаскесінің теміржол ауданындағы учаскесінде ерекше үрейлі жағдай қалыптасуда. Жолды кесіп өту азаяр емес, – дейді Талғат Сағынов.

Өткен аптада станциялықтар елді мекен тұрғындарына қауіпсіздік жұмыстары туралы түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, тағы да ескерту жасады.

Суретті түсірген автор

ПЕРЕЛИВОВ БОЛЬШЕ НЕТ



ПАВОДОК

Светлана МОГАЙ,
Караганда

Об этом сообщил начальник отдела пути НЖС-4 Нуржан Калиев. Однако в результате интенсивного снеготаяния зарегистрированы факты переливов талых вод на трех участках в Осакаровском и Нурином районах.

На местах переливов установлены предупреждающие знаки, организовано дежурство представителей железнодорожных структур, дорожных служб, местной полицейской службы и подразделений ДЧС.

В настоящее время переливов через железнодорожное полотно не наблюдается. Угрозы населенным пунктам нет.

Установленные на автодорогах водопропускные трубы обеспечивают беспрепятственное прохождение паводковых вод.

В рамках подготовки к паводковому периоду на территории Карагандинской области в течение 2020 года были проведены работы по увеличению водо-

В Карагандинском регионе ситуация с паводком на железнодорожных переездах остается стабильной.



“ В НАСТОЯЩЕЕ ВРЕМЯ ПЕРЕЛИВОВ ЧЕРЕЗ ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОЕ ПОЛОТНО НЕ НАБЛЮДАЕТСЯ. УГРОЗЫ НАСЕЛЕННЫМ ПУНКТАМ НЕТ.

пропускной способности на 74 участках автодорог, наиболее подверженных паводковым явлениям.

С марта текущего года с целью предупреждения ледовых заторов и

организации безаварийного пропуска паводковых вод проведены взрывные работы на реках Сабыркожа в Осакаровском районе, Нура в Абайском районе и озере Карасор в Каркаралинском районе.


Также проведены работы по бурению и резке льда на реке Актас в Актогайском районе и реке Нура в Бухар-Жырауском районе.

– На сегодняшний день паводковая ситуация в области стабильная и находится на контроле областного оперативного противопаводкового штаба, – резюмировал Нуржан Калиев.

Фото автора



ЭКОНОМЬ СВОИ РЕСУРСЫ



В ТРУДОВОМ РИТМЕ

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы

Как отметил начальник депо Болатказы Толекпаев, надо стремиться к тому, чтобы положительная тенденция сохранилась и в текущем году. Для этого проводится мониторинг выполнения планового удельного расхода, топливно-энергетических ресурсов (ТЭР) на тягу поездов с предоставлением отчета по выполнению установленной нормы.

В депо усилен контроль над расходом ТЭР локомотивными бригадами, ведется постоянный контроль по установленным

В Алматинском эксплуатационном локомотивном депо выполняются все организационно-технические мероприятия, направленные на экономию топливно-энергетических ресурсов. К примеру, только за прошлый год по теплотяге экономия дизельного топлива при выполнении перевозочной работы составила 130,3 % к плану, 232,978 тонны от установленного права расхода.

техническим нормам расхода. При проведении КИП и целевых поездов производится оценка технического нормирования ТЭР по участкам обслуживания.

– Экономия топливно-энергетических ресурсов является одной из актуальных в локомотивном хозяйстве. Поэтому в работе с бригадами особое внимание обращается на факторы, влияющие на их расход. Это в первую очередь профиль пути участка, составность, вес, нагрузка на ось, участковая и техническая скорость движения, – говорит Болатказы Кадырманович.

На технических занятиях с локомотивными бригадами рассматриваются возможности машиниста для уменьшения удельного расхода в пути следования. Ведь он должен знать профиль участка, технические характеристики и возможности подвижного состава, уметь вести поезд в изменяющихся условиях, считать нормируемые расходы на поездку. С машинистами, систематически допускающими перерасход дизельного топлива, проводится обучение рациональному вождению поездов.

Фото автора

ПОМЕХА ДВИЖЕНИЮ



ПРОФИЛАКТИКА

Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Еще одно происшествие произошло на этой неделе. На перегоне Екибастуз-2 – Екибастуз-Северный локомотив совершил наезд на двух лошадей. Машинисту пришлось применить экстренное торможение. Транспортные полицейские ЛОП

на станции Павлодар установили 41-летнего хозяина скота, его привлекли к административной ответственности по части 1 статьи 559 КоАП РК «Нарушение правил выпаса скота в полосе отвода железных дорог».

Сотрудники ЛОП на станции Павлодар признаются, что безнадзорные домашние животные становятся одной

из главных проблем стальной магистрали. Статистика растет. В прошлом году зарегистрировано 220 экстренных торможений. Проблемные участки – станции Екибастуз, Токибай, Ушкулын, Майкаин, 116-й обгонный пункт, участок Аксу – Дегелен. За три месяца текущего года – 37 фактов. В основном на железнодорожных

участках, проходящих по территории населенных пунктов Екибастузского, Майского районов и Аксу.

В первый раз хозяину выписывается предупреждение, во второй – штраф в размере 5 МРП. Если при экстренном торможении причинен ущерб железной дороге, например, нарушен график движения поездов или поврежден локомотив, то хозяину предъявляется иск в гражданском порядке, рассказали сотрудники правоохранительных органов.

На минувшей неделе железнодорожники и правоохранительные органы провели встречи с акимами сельских округов, с которыми обозначили места штрафстоянок для бесхозного домашнего скота.

К слову, в этом году железнодорожниками будут установлены дополнительные скотоизгородки.

ПРИЧИНЫ ОСТАНОВОК – ПРЕЖНИЕ

Роман ЛЮБИМОВ,
Нур-Султан



СТАТИСТИКА

Более 30 экстренных торможений поездов зафиксировано с начала текущего года на участке, обслуживаемом ЛУП на станции Нур-Султан.

Несмотря на постоянную профилактическую работу с населением, выход людей на пути, а также безнадзорного домашнего скота остаются главными причинами экстренной остановки поездов.

Протяженность участка, контролируемого линейным управлением полиции на станции Нур-Султан, – 1 269 километров. С начала года из-за граждан, игнорирующих правила безопасного пересечения железнодорожного полотна, машинисты применили 15 экстренных торможений, еще к 16 пришлось прибегнуть по причине нахождения на путях домашних животных.

К слову, в минувший вторник работники Костанайского отделения ГП сообщили столичным полицейским о том, что на перегоне Тасты-Талды – Боранкульская машинист грузового поезда применил экстренное торможение с касательным наездом на лошадь. Благо, поврежденный состав не получил. Вынужденная стоянка составила 20 минут. В скором времени сотрудники ЛОП на станции Державинск нашли хозяина, в отношении которого составлен административный протокол по ст. 559 ч. 1 КоАП РК.

ДЛЯ СПАСЕНИЯ ЖИЗНИ

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



БЕЗОПАСНОСТЬ

За первый квартал текущего года в Оскеменском эксплуатационном локомотивном депо допущено 32 случая применения экстренных торможений. Почти в половине случаев машинистам пришлось нажать на тормоза, чтобы предотвратить наезд на человека.

По одному случаю экстренных торможений – это наезды на человека и транспорт. Пять случаев – на скот. В шести случаях экстренных торможений на него предотвращен наезд, в двух случаях – на транспорт, в 15 – на людей.

Наезд на человека был совершен 23 марта на перегоне Коршунково – Оскемен-1 при скорости 59 км/ч в 21.51. Стоянка поезда составила один час. Наезд на транспорт произошел 15 февраля на 320-м километре перегона Тишинская – Черемшанка при скорости поезда 34 км/ч в 10.36. Стоянка составила 11 минут.

Наезды на скот происходили на перегонах Новоусть-каменогорск – Улан, Сарьжал – Шар, 78-м километре перегона Таусамалы – Кумистау, на 117-м километре Улан – Айыртау, на 68-ом километре перегона Кумистау – Таусамалы.

За три месяца прошлого года по Оскеменскому эксплуатационному локомотивному депо было допущено 14 случаев применения экстренного торможения поезда. Из них: один случай – наезд на человека, два случая – на скот. В пяти случаях предотвращен наезд на человека, в двух – на транспорт, в одном – на скот.



ТРЕНИРОВКА В ПОЖАРНОМ ПОРЯДКЕ

Аслан КУДАБАЕВ,
Костанай



УЧЕНИЯ

Костанайские огнеборцы показали отличную выучку во время пожарно-тактических учений на станции Тобол.

По тактическому замыслу, при работе в парке станции Тобол произошло задымление и возгорание на маневровом локомотиве. Как сообщил начальник железнодорожного пожарного отряда Султан Смамбаев, данная легенда учений была максимально приближена к реальной ситуации, чтобы будить огнеборцев продемонстрировать все свои навыки.

Участие в данных учениях приняли пожарный поезд станции Костанай, подразделения ДЧС области, сотрудники пожарного поста поселка Тобол, а также формирования и звенья гражданской защиты станции Костанай.

– Тушение пожаров – командная работа, и сплоченность в этом деле играет определяющую роль. И снова все участники учений продемонстрировали отличное выполнение всех пожарно-технических нормативов, – говорит Султан Смамбаев. – Цель учения известная – чтобы пожарные вместе с работниками станции могли отработать действия по ликвидации ЧП.

Прибывшие на место условного возгорания локомотива противопожарные подразделения отработали быстро и слаженно, оперативно локализовали, а затем ликвидировали пожар. За что и получили положительную оценку руководства.

Фото автора



Тараз теміржол вокзалында күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Бұл вокзал жөндеу жұмыстарынан кейін облыстық әкімшілік балансына берілмек. Еліміздегі басқа да вокзалдардың жай-күйі туралы Магистральдық желі дирекциясы директорының орынбасары Абай Досанов әңгімелеп берді.

ВОКЗАЛ КҮТІМІНІҢ КЕПІЛІ

Сұлугүл БАКЕСОВА,
Нұр-Сұлтан

– Тараз теміржол вокзалын күрделі жөндеуден өткізу шеңберінде қандай өзгерістер болып, жұмыстар атқарылмақ?

– Тараз теміржол вокзалына күрделі жөндеу жұмыстарын шымкенттік «Энергетик» кәсіпорыны жүргізеді. Жөндеу жұмысы алты айға созылмақ. Аталған мекемемен жасалған шартта қандай жұмыстар жүргізілетіні, мерзімі нақты көрсетілген. Жөндеу жұмысын қадағалаушы комиссия құрылды. Оның құрамына «ҚТЖ» ҰК» АҚ вокзал шаруашылығы өкілдері мен өңірдің әкімшілік сәулет бөліміне жауапты мамандар және облыс әкімінің орынбасары кіріп отыр. Вокзалға жөндеу жұмыстары барысында сыртқы қаптау, қабаттене өзгертулер жасалады. Сонымен қатар вокзал ішіндегі бутиктер алынып, соның есебінен кассалар үлкейтіліп, саны көбейтіліп және де жолаушылардың күту залы кеңейтілмек. Су жеткізу және жылыту жүйелері жақсартылмақ.

– Вокзал неліктен әкімшілік меншігіне берілмек? Бір кездері Ұлттық компания әкімшілік еншісінде біраз жыл болып, соның салдарынан қараусыз қалып, жағдайы өте нашарлаған вокзалдарды қайтарып алып, «бетін бері қаратты» емес пе? Осы жағдай қайталанбасына кім кепіл?!?

– Иә, ондай жағдайдың болғаны рас. Бірақ, вокзал кірісі жоқ, шығыны көп нысан екенін естен шығармауымыз керек. Оның үстіне, 2014 жылдан бастап вокзалға қатысты тариф көтерілген жоқ. «ҚТЖ» ҰК» АҚ өзін-өзі қаржыландырып отырған компания болғандықтан, вокзалдардың күтіміне көп қаржы керек. Ал бұл нысан облыс әкімшілігі меншігіне өткен жағдайда, ол облыс бюджеті есебінен қаржыландырылып, күтімі жасалынатын болады. Бұрынғы жағдай қайталанбай ма дейтін мәселеге келсек, ол кезде екі тарап арасында қандай да бір қржат жоқ болатын. Ал қазір Ұлттық компания мен әкімшілік арасында меморандум бар және ол құжатта вокзалды пайдалану, күтімін жасау пункттері қарастырылған. Сондай-ақ, вокзал ішін жалға беру, кіріс шарты да әкімшілікке беріліп отыр. Тек біз тасымалдауға қатысты технологиялық процесті ұйымдастыруға жауапты боламыз. Яғни, пойыздардың келіп кетугін хабарлау, анықтама-ақпарат беру, жолаушыларды отырғызу, мүгедек жандарды вагондарға дейін шығарып салу және перрондардың күтімі біздің құзырымызда қалады. Сондықтан меморандум – вокзал күтімінің кепілі болатын құжат.

– Демек, келешекте барлық вокзал облыс әкімшілігі меншігіне өтпек пе?

– Барлығы бірдей өтпейді. Неге десеніз, жаңа айтып өткенімдей, вокзал – шығыны көп нысан. Сондықтан оны әкімшіліктердің де алғысы жоқ. Керісінше, әкімшіліктер еншісіндегі вокзалдарды бізге қайтарып беруге



хат жазып отыр. Мәселен, Түркістан облысының әкімдігі Түркістан, Шымкент вокзалдарына жөндеу жүргізіп, стандартқа сәйкестендіріп беріп, бізге қайтарғалы отыр. Біз келісте мәжбүр болдық. Себебі, бұл өңір – халық көп шоғырланған өлке. Сондықтан облыстық бюджеттің қаржысы әлеуметтік көмек беруден аспай отыр. Жалпы елімізде әкімдік меншігінде жеті вокзал бар. Олар – Алматы-1, Алматы-2, Шымкент, Түркістан, Павлодар, Екібастұз және Ақсу вокзалдары. Соңғы үш вокзал әу баста әкімдікке берілген кезден бастап олардың меншігінде қалды. Бұл қалалардағы вокзалдарға әкімдік бақылауындағы қалалық «Вокзал сервис» АҚ мекемесі қызмет көрсетеді.

– Вокзал шаруашылығы биылғы қандай жоспар-міндеттерді алға қойып отыр?

– Қазір барлық өңірде көктемгі байқау жүріп жатыр. Соның шеңберінде жазғы маусымға дайындық жұмыстары жүргізілуде. Биыл өткен жылдары қолға алған жоспарлы жұмыстар жалғасатын болады. Өткен жылы атышулы пандемияға қарамастан біраз жұмыстың басы қайырылған болатын. Мәселен, Жалаңашкөл станциясында жолаушылар платформасына жөндеу жүргізіліп, адамдарды жауын-шашыннан, күннің ыстығынан қорғап тұратын 9 павильон орнатылған болатын. Осындай жұмыстар Көктұма кентінде де жүргізіліп, онда 6 павильон орнатқан болатынбыз. Бұрын да айтып өткеніміздей, бұл екі елдімекенде жаз маусымында ғана Алакөлге баратын жолаушылар саны артады да, қыста ондай адам нөпірі болмайды. Сондықтан ол жерлерге вокзал салғаннан гөрі павильон орнатқан экономикалық жағынан тиімдірек болды. Үстіміздегі жылы мүмкіндігі шектеулі жандардың жүріп тұруына жағдай жасау бойынша жұмыстар жалғасын таппақ. Осы бағытта мүгедек арбасы, аспалы баспадақ, индукциялық панель, тактильді-дыбысты мнемосхема сияқты тауарларды жеткізуге келісімшарттар жасадық. Сонымен қатар пандустар, билет кассалары, санитарлық тораптарды қайта жабдықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Вокзалдарға ағымдық күтімдер жасалмақ. Және де коронавирус инфекциясының алдын алу мақсатында вокзал шаруашылығы қызметкерлері мен вокзалға келіп кетушілерді жеке қорғану құралдарымен қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жалғасуда.

Суреттерді түсірген автор



ТАРАЗ ВОКЗАЛЫ

Тәуелсіздікке – 30 жыл

Жалпы ұзындығы 184 шақырымды құрайтын, республикамыздың солтүстігін шығысымен жалғайтын Ақсу-Дегелең магистралі – ел Тәуелсіздігінің алғашқы қарлығашы. Егемендіктің еңсесі әлі тіктеліп үлгермеген жылдары салынған тұңғыш теміржол бірінші кезекте отандық теміржолшылардың жеңісі болды.



АҚСУ-ДЕГЕЛЕҢ: ел сенімін ақтаған жоба

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Иә, жаңа тармақтың ашылу салтанатына Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаев арнайы қатысып, қарапайым теміржолшылар еңбегіне сүйсініс білдірген. Расында, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшылығының аталмыш тәлімді салу туралы бастамасы Елбасының ұсынысымен астасып, Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарының жарқын ескерткіші болып қалыптасты. Құрылыс барысын Ұлт Көшбасшысының өзі қадағалап, қолдау білдіріп отырғаны да бүгінгі ардагерлердің жадында.

– Бұл тәлімнің бізге берері сол, екі ірі өндірістік қала Павлодар мен Семей арасы 600 шақырымға қысқарып, жол жүру уақыты 10-12 сағатқа күрт азайды. Осылайша экономикалық тұрғыдан көл-көсір пайдаға да кенелдік. Әсіресе, аймақтағы елішілік жолаушылар үшін ақжолтай жаңалық болды. Жаңа тәлім ашылғанға дейін Павлодардан Семей арасында қатынау үшін шекараны кесіп, Ресейдегі Құлынды, Локоть станциялары

арқылы айналып жүруге тура келетін еді. Жолаушылар мен жүк тасымалдаушылар қаражаты, уақыты үнемделді. Қос аймақтағы өндіріс пен кәсіпорындар тыңнан күш алды, – дейді осы кезең жайлы естелікпен бөліскен «ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы жанындағы консультативтік кеңес мүшесі, Семей ЖТ бөлімшесінің ардагерлер кеңесінің төрағасы Қырықбай Әлсейітұлы.

Жүк тасымалынан бөлек 2002 жылдан бастап Семей станциясы арқылы Павлодар-Алматы жолаушылар пойызы тұрақты түрде қатынай бастады. Соның нәтижесінде оңтүстік астанадан Павлодарға қатынайтын жолаушылар уақыты 12 сағатқа дейін қысқарды. Әрі тұрғындар саны мол Курчатов қаласы, Май, Ақсу аудандарының тұрғындары ерекше қуанышқа бөленді. Бүгінгі теміржол саласы ардагерлерінің айтуынша, сол жылдардың өзінде-ақ теміржол қызметін айына 70 мыңнан аса жолаушы пайдаланыпты.

Тағы бір маңыздылығы сол, жаңа тәлім бойынша қосымша көптеген жұмыс орындары ашылды. Атап айт-

сақ, Известковий, Көл, Талды, Ақсу-2, Көктөбе, Құркөл, Май, Жұмыскер станциялары бой көтеріп, жұмыс жанданды. Семей ядролық сынақ полигонының жабылуымен тоқырап қалған Конечная станциясы өзінің тарихи Дегелең атауын қайтарып, қайта түледі. Қазіргі таңда Семей теміржолы бойынша учаскелік станция саналатын 2-ші класты Дегелең станциясындағы теміржолшылар отбасының саны жүзден асты. Станция басында қосымша кірме жолдар мен қабылдап-жөнелту жолдары салынды.

Бүгінгі таңда Ақсу-Дегелең аралығында транзиттік 5 жұп пойыз өтеді. Яғни, пойыз айналымы бойынша тәуліктік жүктеме күрделілік туғызбайды. Әйтсе де, ауыр салмақты 6 200 тонналық 63 вагоннан тұратын жылжымалы құрамдар жолға шығарылатындықтан да тәлім бойындағы станцияларда жұмыс барысы қауыр.

– Дамыған мемлекеттердің барлығында да бірінші кезекте жолға мән беріледі. Ел әлеуетіне қарқын алдыру үшін де жол төсейді. Бұл орайда аға буын теміржолшылар салып кеткен Ақсу-Дегелең теміржол тармағы Тәуелсіздіктің 30 жылы ішіндегі ең көрнекті құрылыс, экономикалық тиімділігі аса зор жоба болғаны анық, – дейді бұл орайда Дегелең станциясының білікті басшысы Талғат Баширов.

Суретті түсірген автор

КӘСІБИЛІГІН КӨРСЕТТІ



Маңғыстау вагон пайдалану депосының вагон қараушысы Ыбырай Сатыбалдиевті әріптестері өз ісін жетік білетін кәсіби маман деп таниды. Өткен апта мақтаулы вагон қараушы маман кәсібилігін тағы да байқатты.

Нұрай СӘРСЕНҒАЛИ,
Нұр-Сұлтан

Маңғыстау вагон пайдалану депосының вагон қараушысы Ыбырай Сатыбалдиевті әріптестері өз ісін жетік білетін кәсіби маман деп таниды. Өткен апта мақтаулы вагон қараушы маман кәсібилігін тағы да байқатты.

Ол жүк пойызы вагонынан ақау тауып, апаттың алдын алды. Ресей теміржолына қарасты вагонның аяқ бөлігіндегі букс 20 мм орныннан қозғалып кеткен екен. Вагон ақауы белгілі мамандар тарапынан тексеріліп, ақауы анықталды. Вагон қараушы қауіпті ақау тауып, апаттың



алдын алды десті әріптестері.

Теміржолда 2007 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан Ыбырай Сатыбалдиев бұған дейін де осындай күрделі ақау тапқаны үшін «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісіне ие болған еді. Бастапқы мамандығы экономика саласында болғанмен, атамекенге оралған соң ол бірден теміржолға жұмысқа кірді. Міне, 14 жылдан бері осы саланың ыстық-суығын бірдей көріп, вагон шаруашылығының мақтаулы маманына айналды.

– Күндізгі ауысымда жұмысқа шыққан едік. Бір ауысымда 8-9 вагон қараушы болып келген пойыздардың вагондарын қараймыз. Күніне он шақты пойызды екі вагон қараушы қарап шығамыз. Мына соңғы ақауды да солай кешкі жетілерде қарауға шыққан құрамнан анықтадық. Ақаулы вагонды пойыздан ағытып алып, жөндеу цехына апардық, – дейді теміржолшы.

Ыбырай теміржолшының үш баласының үлкені, ұлы қазір теміржол саласында білім алып жатыр. Сондықтан теміржолшылар династиясының негізін Ыбырайдың өзі бастаса, жағастыратын ізбасарлар бар деген сөз.

Суретті түсірген автор

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕҢІЛДІК БАР



Жұмысшылардың мүддесін қорғаушы кәсіподақ ұйымының негізгі мақсаты азаматтардың құқықтарын мен мүдделерін қорғау, жұмыс жағдайын жақсарту, өмір сүру деңгейін көтеру және әлеуметтік кепілдікті қамтамасыз ету екені белгілі. Осы орайда Атырау жүк тасымалы бөлімшесі кәсіподақ ұйымы өткен жылы бірқатар жұмыстар атқарды.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,
Атырау

Кәсіподақ ұйымының төрағасы Нұрбол Нұрышевтің айтуынша, жоспарланған мәдени-көпшілік жұмыстар өз деңгейінде өткізілген. Атап айтқанда, зейнетке шыққан мерейгерлерді марапаттау, пандемия кезінде еңбек ардагерлеріне азық-түлік себегін жеткізіп беру, жұмысшыларға материалдық көмек көрсету, т.б. «Локомотив» денешынықтыру-сауықтыру клубымен бірлесе жүргізуден онлайн-марафон, әуесқойлық балық аулау бойынша сайыс, басқа да спорттық жарыстар өткізіліп, жеңімпаздар марапатталды. Халықаралық әйелдер күні, Наурыз мерекесі, теміржолшылар күні, денсаулық күні, т.б. мейрамдар атаусыз қалмайды. Кәсіподақ өкілдері күзгі-көктемгі комиссиялық тексеруге де бөлімше басшылығымен бірлесе шығып, жұмысшылардың еңбек жағдайымен

жіті танысып тұрады. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында да біраз істер атқарылған.

Жалпы, кәсіподақ жұмыс берушілермен келіссөздер жүргізіп, жұмыскерлердің атынан жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер көзделген келісімдер мен ұжымдық шарттар жасап, олардың орындалуын қадағалайды. Сол бағытта жұмысшылардың әлеуметтік жағдайына баса көңіл бөлінді.

– Нақты мысалдарға келсек, КОВИД-19-ға байланысты шектеу шаралары орын алған кезде кәсіподақ ұйымы санитарлық талаптарды сақтауға қажетті қорғаныс құралдарына қомақты түрде қаражат бөліп, көмек көрсетті. Сонымен қатар, биыл Махамбет станциясына екі айға автобусты жалға алып бердік. Бұрынғы автобустары бұзылып қалғандықтан, өтініштеріне орай жұмысшыларды уақыттылы жұмысқа әкелу-апару қызметіне жәрдемдестік, өйткені өндіріс тоқтамауы, ал жұмыс-

шылар қолайсыздық көрмеуі тиіс қой. Жеке адамдар да әр түрлі өтінішіпен келеді. Мәселен, Атырау станциясының вагондарды реттеуші жұмысшысының ДЦП ауруымен ауыратын баласына қаржылай көмек көрсетілді. Өмір болған соң, әртүрлі жағдайлар болады. Мақат станциясының вагондар қозғалысын реттеушісінің тұрып жатқан үйі өртеніп кетті, оған да кәсіподақ ұйымы ережесінде қаралған көлемде қаржылай көмек берілді. Спорттық шаралар өткізу үшін спортзалдарды жалға аламыз, сондай-ақ отбасында жақыны қайтыс болғанда, ауырып қалған жағдайда емделуге, мерейлі жасқа шыққанда берілетін көмектер мен марапаттаулар да уақытты беріліп отыр. Жалпы, ережеге сай әлеуметтік көмек түрлері 5-30 АЕК көлемінде қаралады. Бұдан басқа ұйым жарғысында белгіленген іс-шаралар мен көмек түрлері өз деңгейінде орындалып келеді, – дейді ұйым төрағасы.

Оның айтуынша, көмек сұрап келетіндер көп, бірақ өтініштер комиссия мүшелерімен қаралып, жан-жақты сараланып барып шешім шығарылады.

Атырау кәсіподақ өкілдігінде еңбек қорғау бойынша өндірісте жасайтын жұмысшылардан құралған 37 техникалық инспектор бар. Олар тоқсан сайын жұмыс орындарындағы қауіпсіздік және еңбек қорғау мәселелері бойынша әкімшілік-тұрмыстық бөлімдерді, жұмыс орнын қарап, жұмысшылардың арнайы киіммен, қорғаныс құралдары, сүт өнімдерімен қамтамасыз етілуін де қадағалайды.

С ЗАБОТОЙ О СЕБЕ И БЛИЗКИХ



ВАКЦИНАЦИЯ

Больше года прошло с момента, когда весь мир охватила пандемия коронавируса. За это время многие потеряли своих родных, переболели и столкнулись с неприятными последствиями – коварная болезнь бьет по самым уязвимым местам организма. В сложившейся эпидемиологической обстановке единственной эффективной мерой профилактики заражения Covid-19 стала вакцинация и выработка коллективного иммунитета. Рост заболеваемости в Казахстане сегодня ставит перед каждым из нас выбор – делать прививку или нет. Директор департамента организационной работы и информационного обеспечения КАЗПРОФТРАНС Нурлан Нурпейсов уже прошел первый этап вакцинации. В интервью нашей газете он поделился мнением об иммунизации и рассказал о своем самочувствии после прививки.

Любовь РОВБА,
Нур-Султан

– Сразу хотел бы подчеркнуть, что это интервью не является рекламой вакцинации или вакцины, и уж точно не мой личный пиар. Я лишь поделюсь своим частным мнением на этот счет и расскажу о том, как перенес ее. И еще: вакцинация – дело добровольное и никто не может вас заставить сделать прививку.

– В нашей стране массовая вакцинация стартовала в марте текущего года. Проводится она бесплатно. Когда вы получили прививку и можно ли выбрать вакцину?

– Я получил первую прививку «Спутник V» российского производства неделю назад. Вторая, по протоколу вакцинации, планируется через 21 день. Да, действительно, сегодня любой желающий в возрасте старше 18 лет может вакцинироваться бесплатно. Конечно, при условии отсутствия противопоказаний. А выбор вакцины в Казахстане пока не предусмотрен. Но я стал из-за этого откладывать вакцинацию на более поздний срок, потому что хотел защитить себя, своих близких и коллег, так как работаю в большом коллективе.

– Расскажите о вашем самочувствии после прививки?

– Главное после прививки – соблюдать все предписания врача, который осматривал вас до вакцинации, а также необходимые меры предосторожности: избегать мест скопления людей, сократить контакты, носить маску, пользоваться антисептиками, чаще мыть руки и не касаться ими лица и так далее. Еще желательно не заниматься тяжелым физическим трудом и спортом. По возможности лучше планировать вакцинацию перед выходными, чтобы получить больше времени на восстановление.

Из побочных эффектов у меня были легкое недомогание и озноб, болезненность в месте прививки. Но все это прошло на вторые сутки.



– Последовали ли вашему примеру близкие?

– Да, к настоящему моменту моя супруга и дети тоже привились. В этом году моему папе исполняется 91 год, и мы на семейном совете приняли решение вакцинировать его. Конечно, с учетом возраста в этом вопросе обязательно нужна консультация врача. В ближайшее время планируем вместе с папой отправиться в наш родной город Петропавловск для встречи с родными, которых он не видел живую более полутора лет, и хотим быть спокойными за его здоровье.

– Не секрет, что общество достаточно осторожно относится к стартовавшей вакцинации. Оказываясь перед выбором, прививаться или нет, многие боятся последствий. Страх перед вакциной и неизвестностью подогревается в социальных сетях и некоторых СМИ. На ваш взгляд, насколько эти опасения оправданы?

